

2012 жылы халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 61 қаулысы. Қостанай облысы Қамысты ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 13 наурызда № 9-11-135 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабы 2) тармақшасына сәйкес және халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында Қамысты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың тізбесі белгіленсін:
 - 1) та бы сы аз адамдар;
 - 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
 - 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
 - 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
 - 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
 - 7) мүгедектер;
 - 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
 - 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
 - 10) оралмандар;
 - 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;
 - 12) жұмыс беруші - заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар жатады;
 - 13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар;
 - 14) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
 - 15) ұзақ уақыт (жыл және көбірек) жұмыс істемеген адамдар;

16) уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген қырық бес жастан асқан адамдар;

17) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның жолдамасы бойынша кәсіби даярлықты және (немесе) қайта даярлықты, біліктілігін арттыруды аяқтаған жұмыссыздар ;

18) уақытша және маусымдық жұмыстардың мерзімдері аяқталуына байланысты жұмыстан шығарылған жұмыссыздар .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Асқар Жақанұлы Жақсыбаевқа жүктелсін .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қамысты ауданының әкімі

Б. Өтеулин